

«Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы» бағалаушылар палатасының Жалпы жиналысымен  
2018 жылғы 30 маусымдағы №1 хаттамасы  
(2018 жылғы 13 шілдеден қолданысқа енгізіледі)

«Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы» бағалаушылар палатасының  
кезектен тыс Жалпы жиналысының  
2020 жылғы 25 желтоқсандағы  
№5 хаттамасымен енгізілген өзгерістер

**«Өзін-өзі реттейтін Қазақстан  
бағалаушылар қауымдастығының ұйымы»  
бағалаушылар Палатасының**

**Президиумы туралы ЕРЕЖЕ**

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы №133-VI «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заңының талаптарына, «Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы» бағалаушылар палатасының (одан әрі «Палата») Жарғысына сәйкес әзірленген және Палата Президиумының мәртебесін, сандық құрамын, құрылу тәртібін, оның қызметі мен өкілеттілігін, оның мүшелерінің өкілеттілігін тоқтатуды, сонымен қатар Палатаның басқа басқару органдары мен Мамандандырылған органдарымен өзара әрекет ету тәртібін анықтайды.

**1. Президиумның мәртебесі, құрамы және құрылу тәртібі**

1.1. Палатаның Президиумы Палата мүшелерінің Жалпы жиналысымен сайланатын тұрақты әрекет ететін алқалы басқару органы болып саналады, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес және Палатаның Жарғысына сәйкес Палатаның қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады, Жалпы жиналыстың шешімдерін орындауды бақылайды.

1.2. Палатаның Президиумы Жалпы жиналыспен Палата мүшелерінің арасынан 15 (он бес) мүшеден артық емес құрамда сайланады.

1.3. Президиумның Төрағасы Палатаны жалпы басқаруды жүзеге асырады, тек Жарғымен Жалпы жиналыстың құзыреттілігіне жатқызылған мәселелерден басқасы. Президиум төрағасының қызметтері мен өкілеттіліктері осы Ережелерде белгіленеді.

1.4. Палата Президиумының әр мүшесі Жалпы жиналыста тікелей дауыс берумен сайланады.

1.5. Палата Президиумының құрамына сайланды деп ең көп дауыс санын жинаған үміткерлер саналады.

1.6. Палата Президиумының құрамына сайланған тұлғалар жаңа мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

- 1.7. Президиум басшысының немесе жеке мүшелерінің өкілеттіліктері Жалпы жиналыстың шешімі бойынша мерзімнен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
- 1.8. Палата Президиумының мүшесі ол туралы Президиумның Төрағасына алдын ала жазбаша ескертіп, өз өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтатуға құқылы. Осы жағдайда Палата Президиумының құрамына Палатаның кезекті Жалпы жиналысына дейінгі мерзімге Палата мүшесі кооптациялануы мүмкін.
- 1.9. Палата Президиумының құрамына кооптациялау Президиумды толық емес құрамда сайлаған жағдайда, Президиумның құрамына кіретін Палата мүшесінің шығуы немесе шығарылуы жағдайында және Палатаның Жарғысымен және осы Ережелермен көзделген басқа жағдайларда жүзеге асырылады. Палата Президиумының кооптациялау туралы шешімі оның отырысына қатысатын Палата Президиумы мүшелерінің 2/3 (екіден үш) дауыс көпшілігімен қабылданады.
- 1.10. Палата Президиумының мүшесі өз міндеттерін орындаудан шегеріліп, сонымен қатар Жалпы жиналыстың шешімі бойынша Палатаның жарғысымен және осы Ережелермен көзделген жағдайларда оның құрамынан шығарылуы мүмкін.
- 1.11. Палата Президиумы мүшелерінің өкілеттіліктерін мерзімнен бұрын тоқтату (Президиумның құрамынан шығару) үшін негіз болып келесі жағдайлар саналады:
- 1.11.1. Палатадағы мүшелікті тоқтату;
- 1.11.2. Палата Президиумы мүшесінің өзінің жеке өтініші бойынша;
- 1.11.3. Палата Президиумының жұмысына жүйелі түрде қатыспау жағдайында;
- 1.11.4. Палата Президиумы мүшесінің міндеттерін орындамау;
- 1.11.5. Палатаның жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келетін немесе оның мүддесіне залал келтіретін немесе келтіруі мүмкін әрекеттер жасау;
- 1.11.6. Қылмыстық әрекет жасау;
- 1.11.7. Палатаның жарғысын, Палатаның Президиумы туралы Ережелерді, Іскери және кәсіби этика кодексін бұзу.
- 1.12. Президиумның мүшелері өз міндеттерін орындаумен байланысты тура шығындардың өтелуіне құқылы.
- 1.13. Палата Президиумының отырыстарын өткізудің жылдық жоспары Палата Президиумы Төрағасының ұсынысы бойынша ағымдағы күнтізбе жылының алғашқы отырысында бекітіледі.

## **2. Президиумның құзыреттілігі**

- 2.1. Палатаның Президиумы Палатаның қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады, тек Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Палатаның Жарғысымен Палатаның Жалпы жиналысының құзыреттілігіне жатқызылған мәселелерден басқасы.
- 2.2. Палата Президиумының құзыреттілігі қолданыстағы заңнамамен, Палатаның Жарғысымен және Палатаның басқа ішкі құжаттарымен анықталады. Палата Президиумының құзыреттілігіне жатқызылған мәселелер Палата Президиумы Төрағасының шешіміне тапсырылуы мүмкін емес.
- 2.3. Палата Президиумының ерекше құзыреттілігіне келесі мәселелер жатқызылады:

- 2.3.1. Палата Президиумының Төрағасын сайлау, сонымен қатар оның өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдау;
- 2.3.2. Мәселелерді Жалпы жиналыстың қарауына шығару;
- 2.3.3. Палатаның Жалпы жиналысымен бекітілуге оның сәйкес жылға бюджетін ұсыну.
- 2.3.4. Бағалаушының Іскери және кәсіби кодексін бекіту, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- 2.3.5. Палатаның бағалау қызметінің стандарттары мен ережелерін бекіту, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- 2.3.6. Палатаның мүшелігіне түсу, Жарғымен және Палатаның ішкі құжаттарымен көзделген негіздер бойынша Палатадағы мүшелікті тоқтату туралы шешім қабылдау;
- 2.3.7. Палатаның органдарын құру, олар туралы ережелерді және олармен қызметтерді жүзеге асыру ережелерін бекіту;
- 2.3.8. Кезекті және кезектен тыс отырысқа Жалпы жиналысты шақыру туралы шешім қабылдау, сонымен қатар Жалпы жиналысты өткізу нысаны туралы шешім қабылдау (ашық, жабық, аралас дауыс беру);
- 2.3.9. Жалпы жиналысқа Палатаның атқарушы басқару органы лауазымына (Директор) тағайындау үшін үміткер немесе үміткерлер, сонымен қатар Палатаның бақылау органының (Ревизиялық комиссия) органына үміткерлер ұсыну және оларды лауазымдарынан босату;
- 2.3.10. Палатаның жылдық есептілігін (соның ішінде қаржы) алдын ала бекіту және Жалпы жиналысқа ұсыну;
- 2.3.11. Палатаның атқарушы органының қызметін бақылау, Палатаның атқарушы органының қызметін тексеру туралы шешім қабылдау;
- 2.3.12. Сараптама кеңесінің құрамына үміткерлер ұсыну, кейін оларды Жалпы жиналысқа қарастыру және бекіту үшін ұсыну;
- 2.3.13. Нақты әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар мен ұлттық жобаларды шешу шеңберінде басқа бағалаушылар палаталарымен ынтымақтастық ету туралы шешім қабылдау;
- 2.3.14. Президиум Төрағасы мен Палата Директорының ұсынысы бойынша Палата қызметінің ағымдағы және келешек жоспарларын бекіту;
- 2.3.15. Палатаның бухгалтерлік есеп пен қаржы (бухгалтерлік) есептілік жүргізуін тексеру үшін аудиторлық ұйым тағайындау, Палатаның атқарушы органының қызметін тексеру туралы шешім қабылдау;
- 2.3.16. Филиалдар, өкілдіктер туралы ережелерді бекіту;
- 2.3.17. Палатаның филиалдары, өкілдіктерінің басшыларын лауазымға тағайындау және босату;
- 2.3.18. Палатаның филиалдары мен өкілдіктеріне Палатаның мүлігін беру;
- 2.3.19. Төрелік құру, ол туралы ережелерді бекіту;
- 2.3.20. Төреші ретінде үміткер болып ұсыныла алатын тұлғалардың тізімін бекіту, оларды Палатамен құрылған төрелікте өтініштері бойынша қарастырылатын дау қатысушылары тандай алады.
- 2.3.21. Палатаның басқа ішкі құжаттарын бекіту, егер оларды бекіту Жалпы жиналыстың құзыреттілігіне жатқызылмаса;
- 2.3.22. Палатамен шығарылатын тауарлар мен өнімдерге, сонымен қатар ақылы негізде көрсетілетін қызметке тарифтер бекіту;

- 2.3.23. Палатаның мүшелерін аттестаттау, сертификациялау және біліктіліктерін арттыру туралы шешім қабылдау, оларды өту тәртібі мен мерзімін белгілеу;
- 2.3.24. Палатаның қызметтік, коммерциялық немесе басқа құпиясы болып саналатын ақпаратты анықтау;
- 2.3.25. Палатаға жүктелген міндеттердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады, соның ішінде Палатаның мүшелерінен жарнаның түсуін, сонымен қатар Палатаның мүшелерімен Қазақстан Республикасының нормативтік актілерімен және Палатамен орнатылған тәртіпте және мерзімде бағалау туралы есептерді жасау туралы ақпаратты мерзіміндек ұсынуды бақылау;
- 2.3.26. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Палатаның жарғысымен көзделген басқа өкілеттілікті жүзеге асыру.

### **3. Президиумның басқарушы органдарының өкілеттіліктері**

- 3.1. Палата Президиумының жұмысын Палата Президиумының Төрағасы ұйымдастырады.
- 3.2. Палата Президиумының Төрағасы Палата Президиумының мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланады.
- 3.3. Палата Президиумының Төрағасы Палатаның Президиумына басшылық етеді және өзінің жұмысында Жалпы жиналысқа есеп береді.
- 3.4. Палата Президиумының Төрағасы өзінің өкілеттілік мерзімі ішінде:
- 3.4.1. Палата қызметінің жалпы басқарылуын ұйымдастырады;
- 3.4.2. Жалпы жиналыстың отырыстарында төрағалық етеді;
- 3.4.3. Палата Президиумының отырыстарында төрағалық етеді;
- 3.4.4. Палата Президиумының жұмысын ұйымдастырады және Президиумның шешімдерін орындауды бақылайды;
- 3.4.5. Палатаның атынан мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдарда, халықаралық, шетел және басқа ұйымдарда оның мүдделерін сенімхатсыз ұсынады;
- 3.4.6. Палатаның мүдделерін ұсынуға сенімхат береді;
- 3.4.7. Жалпы жиналыстың шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 3.4.8. Палатаның даму стратегиясын, оның қызметінің орташа мерзімді және ағымдағы жоспарларын әзірлейді;
- 3.4.9. Палатаның атынан Палатаның Директорымен еңбек келісім-шартына қол қояды;
- 3.4.10. Палатаның атқарушы органының қызметін бақылауды жүзеге асырады;
- 3.4.11. Палатада мүшелікті растайтын құжаттарға қол қояды;
- 3.4.12. Палатаның қызметі мәселелері бойынша маркетинг ұйымдастырады және жүзеге асырады, Палатаға қатысу үшін жаңа мүшелерді тартады, Палатаның материалдық және қаржы қорын нығайтуға қолдау көрсетеді;
- 3.4.13. Палата бюджетінің (кіріс және шығын сметасы) жобасын құрады, оны Жалпы жиналыспен бекіткеннен кейін бюджеттің (сметаның) орындалуын бақылайды;
- 3.4.14. Жалпы жиналысты және Палата Президиумының отырысын дайындауға қатысады;
- 3.4.15. Палата филиалдары мен өкілдіктерінің қызметін үйлестіреді;

3.4.16. Палатаның Президиумымен келісіп Жалпы жиналысқа Президиумның жаңа мүшелерін сайлау үшін үміткерлер, оның мүшелерінің өкілеттіліктерін мерзімнен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдау бойынша ұсыныс жасайды;

3.4.17. Палатаның Президиумына Палатаның ішкі құжаттарымен көзделген Палатаның мамандандырылған органдарын құру, осындай органдардың өкілеттіліктерін мерзімнен бұрын тоқтату немесе олардың мүшелерінің өкілеттіліктерін мерзімнен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдау бойынша ұсыныс жасайды;

3.4.18. Палатаның Жарғысымен және осы ережелермен көзделген басқа қызметті жүзеге асырады.

3.5. Палата Президиумы Төрағасының міндеттерін ол болмаған кезде үш жыл мерзімге Президиум Төрағасының ұсынысы бойынша Палатаның Президиумымен сайланған Палата Президиумы Төрағасының орынбасары орындайды.

3.6. Палата Президиумы Төрағасының орынбасары сенімхаттың негізінде мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдарда, халықаралық, шетел және басқа ұйымдарда Палатаның мүдделерін ұсынады.

3.7. Палата Президиумы Төрағасының орынбасары өзінің өкілеттілік мерзімі ішінде өзінің қызметін Палатаның Президиумымен бекітілген жеке функционалдық міндеттерді ескеріп жүзеге асырады, соның ішінде, бірақ шектелмейді:

3.7.1. Палата Президиумының Төрағасы болмаған кезде Жалпы жиналыстың және Палата Президиумының отырыстарында төрағалық ете алады;

3.7.2. Палата Президиумының Төрағасы болмаған кезде Палата Президиумының жұмысын ұйымдастырады және Президиум шешімдерінің орындалуын бақылайды;

3.7.3. Палата Президиумының Төрағасы болмаған кезде Жалпы жиналыс шешімдерінің орындалуын бақылайды;

3.7.4. Палатаның Жарғысымен және осы Ережелермен көзделген басқа қызметтерді жүзеге асырады.

#### **4. Президиум мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

4.1. Палата Президиумының мүшелері өзінің өкілеттіліктерін жүзеге асыру шеңберінде құқылы:

4.1.1. Палатаның мамандандырылған органдарының бірін басқаруға;

4.1.2. Палатаның кез-келген лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінен сәйкес өтінішті алған уақыттан бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кеш емес Палатаның қызметі туралы ақпаратты алуға, Палата Президиумының құзыреттілігіне кіретін мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін Палатаның барлық құрылтай, нормативтік, есептік, есептілік, келісім-шарттық және басқа құжаттарымен танысуға;

4.1.3. Палата Президиумының отырысын шақыруды талап етуге;

4.1.4. Палата Президиумының отырыстарына оның құзыреттілігі мәселелері бойынша дауыс беру құқығымен қатысуға;

4.1.5. Палата Президиумы отырыстарының хаттамаларымен танысуға және олардың көшірмелерін алуға;

4.1.6. Президиум отырысының хаттамасына күн тәртібі мәселелері, қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;

4.1.7. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Палатаның Жарғысымен, осы Ережелермен және Палатаның басқа ішкі құжаттарымен көзделген басқа құқықтарды жүзеге асыруға.

4.2. Палата Президиумының мүшелері міндетті:

4.2.1. Палатаның мүддесімен әрекет етуге;

4.2.2. Палатаға қатысты өзінің құқықтары мен міндеттерін адал және орынды жүзеге асыруға;

4.2.3. Палатаның Жарғысымен және осы Ережелермен белгіленген тәртіпте Палата Президиумының отырыстарына қатысуға;

4.2.4. Президиумның шешімдерін орындауға;

4.2.5. Президиум Төрағасының тапсырмаларын орындауға;

4.2.6. Палатаның қызметі туралы құпия ақпаратты жария етпеуге;

4.2.7. Мүдделердің шиеленісуі және осымен байланысты Палатаның және оның мүшелерінің заңды мүдделеріне зиян келтірудің мүмкіндігі туралы жазбаша түрде мәлімдеуге.

## **5. Президиумның отырысын шақыру және өткізу**

5.1. Президиум өзінің қызметін отырыс нысанында жүзеге асырады немесе электрондық байланыс құралдары жолымен сырттай дауыс беру нысанында шешім қабылдайды.

5.2. Палатаның Президиумы отырыста оның төрағасымен жылына екі реттен кем емес шақырылады. Президиум оның Төрағасымен жеке бастамасы бойынша немесе оның бір мүшесінің немесе директорының және (немесе) оның бақылаушы органының бастамасы бойынша шақырылады. Президиум міндетті түрде төрағамен шақырылуы тиіс, егер оның шақырылуын оның мүшелерінің және (немесе) Палата мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен кем емесі талап етсе.

5.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Палатаның жарғысына, сонымен қатар Палатаның ішкі құжаттарына сәйкес Палата Президиумы отырысын шақыру міндетті болған жағдайда Палата Президиумының Төрағасы осындай отырысты өзінің бастамасы бойынша шақыруға міндетті және көзделген мерзімдерде қажетті шешімдердің қабылдануын қамтамасыз ету керек.

5.4. Президиумның отырысы оның мүшелеріне болатын отырыс туралы хабарлаған күннен бастап он күннен ерте емес шақырылады.

5.5. Президиумның болатын отырысы туралы хабарламада көрсетілуі тиіс:

- Отырысты өткізу уақыты мен орны;
- Талқылауға ұсынылатын мәселелер.

5.6. Президиумның мүшесі күн тәртібі бойынша өзінің ұсыныстарын енгізуге құқылы, ол осы туралы жазбаша түрде отырыс басталғанға дейін Президиумның барлық мүшелеріне хабарлайды.

5.7. Президиумның отырыстарында хабарламада көрсетілмеген мәселелер қарастырылуы мүмкін емес, тек Палата Президиумының барлық мүшелері басқа мәселелерді қарастыруға бірауыздан келісетін жағдайлардан басқасы.

5.8. Төралға шешім қабылдауға құқылы, егер оның отырысына немесе сырттай дауыс беру жағдайында оның мүшелерінің жартысынан артығы қатысатын болса. Президиумның әр мүшесі бір дауысқа ие. Палата Президиумы мүшесінің бірімен палата Президиумының басқа мүшесіне немесе үшінші тұлғаға дауысын тапсыру мүмкін емес.

5.9. Президиумның мүшелері электрондық байланыс арқылы Президиумның отырыстарына қатысуға құқылы.

5.10. Президиумның шешімдері отырысқа қатысатын оның мүшелерінің немесе сырттай дауыс берушілердің қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданады. Палата Президиумы мүшелерінің дауыс сандары тең болған кезде Палата Президиумы Төрағасының дауысы шешуші болып саналады.

5.11. Президиумның отырысында дауыс беру тәртібі оған қатысатын мүшелермен дәл отырыстың алдында анықталады. Дауыс беру нысаны (ашық, жабық, электрондық) отырысқа қатысатын Президиумның мүшелерімен анықталады.

5.12. Дауыс беру нәтижелері және қабылданған шешім Президиум отырысының хаттамасында міндетті түрде тіркеледі. Хаттаманы жүргізуді Президиумның отырысында сайланатын хатшы жүзеге асырады. Хаттамада көрсетіледі:

- Палата Президиумы отырысының өткізілетін орны, күні мен уақыты;
- Отырысқа қатысатын Палата Президиумы мүшелерінің жеке құрамы;
- Палата Президиумының отырыстарында талқыланатын мәселелер;
- Отырысқа қатысатындардың баяндама жасаудың негізгі ережелері;
- Дауыс беруге ұсынылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нәтижелері;
- Палатаның Президиумымен қабылданған шешімдер.

Хаттамада басқа қажетті ақпарат көрсетілуі мүмкін. Хаттамаға хатшы мен Президиумның Төрағасы қол қояды және Палатаның мөрімен куәландырылады.

5.13. Палата Президиумының отырысы хаттамасының көшірмесі Палата Президиумының Төрағасымен Палата Президиумы мүшелерінің талабы бойынша ұсынылады.

5.14. Палата Палата Президиумы отырыстарының хаттамаларын және басқа құжаттарын Палатаның дара орындаушы органының орналасқан жері бойынша немесе мүдделі тұлғалар үшін мәлім және қолжетімді жерде сақтауға міндетті.

5.15. Палата Президиумының шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасына және Палатаның Жарғысына қайшы болмау керек және оның мүшелерімен және Палатаның барлық мүшелерімен орындалуы үшін міндетті болып саналады.

## **6. Қорытынды ережелер**

6.1. Осы Ережелер оны Палата мүшелерінің жалпы жиналысы бекіткен уақыттан бастап күшіне енеді және белгісіз мерзімге жарамды.

6.2. Осы Ережелерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу Палатаның Жалпы жиналысының шешімдері негізінде жүзеге асырылады.

6.3. Осы Ережелерге өзгертулер мен толықтырулар Ережелерді жаңа редакцияда қабылдау жолымен енгізіледі.